



2-сурет. Өзен алабындағы қоқыстар қалдығы

Мұндай ландшафтық-геоэкологиялық тәсіл алап аумағының қазіргі жай-күйі туралы толық кешенді түсінік алуға, жоғары антропогендік жүктеме аймағын бөлуге және өзен жүйесінің гидрологиялық және гидрохимиялық көрсеткіштеріне әсер ететін кейінгі үдерістердің динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. Анықталған заңдылықтар тек қана болжау ғана емес, сонымен қатар ТАК тұрақтылығын арттыратын және өзеннің жағымсыз өзгерістерінің алдын-алуға арналған іс-шараларды нақты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ақпамбетова К.М. Қазақстанның физикалық географиясы. Қарағанды: 2012, 138 б.
2. Божков И.И. и др. Гидрогеологический очерк Карагандинской области КазССР. – Караганда: ЦКГУ, 1959.
3. Мордвинцев М.М. Русловые деформации техноизмененных участков рек. - М., 2011.
4. Ақпамбетова К.М., Абиева Г.Б. Кіші өзен арналарының табиғи және антропогендік өзгерістері. // Жер туралы ғылымдарда табиғи жағдайлар мен ресурстарды зерттеудің геоэкологиялық және геоақпараттық аспектілері атты VII Жандаев оқулары. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. Б.22-26.
5. Нұра-Сарысу экологиялық департаментінің қор материалдары.

С.А.Талжанов, М.Б.Жанаева

АЗЫҚ-ТҮЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ШЕШУДЕГІ ТАБИҒИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАНЫҢ РӨЛІ

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті

Ғаламдық проблемалар - әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар. Осы құбылыстардың даму процесі жаһандану деп аталады. Қазіргі таңда Халықаралық деңгейде көптеген ғаламдық проблемалар бар, солардың бірі – азық-түлік проблемасы. Планета халқын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету міндеті бұрынғы тарихтан тамыр алады. Адамзаттың бүкіл тарихы кезеңінде тамақ тапшылығы қоса жүрген. Азық-түлік проблемасының өзінің гуманистік маңыздылығына қарай және бұрынғы отаршыл және тәуелді мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық артта қалуын жеңудің күрделі міндетімен өзара тығыз байланысына қарай жаһандық сипаты бар. Жаһандық проблема басқа жағынан да айқындалады. Біл елдер аштықтан зардап шегіп жатқанда, екіншілері не тамақ өнімдерінің артығымен, не олардың артық тұтынылуымен күресуге мәжбүр болады.

Азық-түлік проблемасына адамзаттың басқа жаһандық – соғыс және бейбітшілік, демографиялық, энергетикалық, экологиялық проблемаларын талдаудан үзіп алып қарауға болмайды. Сонымен, ол маңызды, көп аспектілі проблема болып табылады. оның шешімі ауыл шаруашылығының шеңберінен тыс шығады. Жалпы алғанда, әлемде адамзаттың қанағаттанарлық қоректенуін қамтамасыз ету үшін азық-түлік ресурстары жеткілікті. Әлемдік экономика жер бетінде тұратын адамдардан екі есе көп адамды тамақтандыратындай ауыл шаруашылығы ресурстары мен технологияларын иеленеді. Алайда азық-түлік өндірісі оны қажет ететін жерде қамтамасыз етілмейді. Планета халқының 20%-ның ашығуы және тойып тамақтанбауы азық-түлік дағдарысының негізгі әлеуметтік мазмұны болып табылады.

Азық-түлік проблемасы – әлемдік қауымдастықтың мақсаты, қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде жер шары халқын тамақ өнімдерімен тұрақты қамтамасыз ету. Азық-түлік адам өмірінің ең қажетті және баламасыз бөлігі болып табылады. Азық-түлік бағдарламасы шиеленіскен жағдайда адамның тіршілігі мен оның денсаулығына, сонымен бірге шаруашылық механизмінің бір қалыпты жұмыс істеуіне зор қауіп төндіреді. Жер шарындағы көптеген халықтың, әсіресе дамушы елдердегі аштық пен толыққанды тамақтанбау қазір ғаламдық проблемаға айналуда [1].

XX ғасырдың екінші жартысында азық-түлік бағдарламасы Ғаламдық сипат алып, соңғы жылдарда халық саны тым артып, адамзат тамақ өнімдерінің жетіспеушілігіне тап болуда. Азық-түлік бағдарламасын іске асырудың қиын болуы себебі – қазіргі кезеңдегі дамушы елдерді азық-түлікпен қамтамасыз етудің ұлттық жүйесіндегі ішкі құрылымның үйлеспейтін болып отыр.

Тамақ өнімдерінің жетіспеуі адамзат дамуының бүкіл тарихында болып келеді. Мысалы, XIV-XV ғасырларда Орталық Америка үндістерінде, 1005-1322 жылдары Ұлыбританияда, XX ғасырдың 30-жылдары Кеңес Одағының кейбір республикаларында болған аштықтар тарихи деректерден белгілі.

Жасалынған талдаулар бойынша, біріншіден, азық-түлік бағдарламасы ғаламдық проблема болып саналады. Бүкіл адамзатты және дүние жүзі мемлекеттерін қамтиды; екіншіден, бұл проблема географиялық сипатқа ие

бола отырып, аумақтық тұрғыда – аймақтық, елдік, аудандық, жергілікті бағытта көрініс табады.

Ғаламдық азық-түлік бағдарламасы жүйесіне елдердің физикалық-географиялық жағдайы және халықтың орналасуы; дүниежүзілік көлік және байланыс; әлемдегі саяси жағдай; дүниежүзілік экономика, сауда және олардың бірлігі сияқты факторлар әсер етеді [3].

XX ғасырдың екінші жартысындағы дамушы елдерде халық санының артуы адамзатты тамақ өнімдерімен толық қамтамасыз ету қажеттігін бүгінгі күн тәртібіне қайтадан қойып отыр. Дүние жүзінде әлі де болса көптеген мемлекеттер шетелдердің азық-түлік көмегіне тәуелді.

Тамақ құрамының сапасы және энергетикалық қоректілігі организмге қажетті өнімдердің күрделі қосылыстарына байланысты (нәруыз, май, витамин, минералдық заттар) көрсеткіштермен анықталады. Дүние жүзіндегі халықтың басым бөлігі қажетті мөлшерде азық-түлікпен қамтамасыз етілмейді. Әсіресе дамушы елдерде жүз миллиондаған адам азық-түліктің жетіспеушілігінен зардап шегуде.

АҚШ, Еуропалық Одақ, Канада және кейбір дамыған елдер азық-түліктің едәуір артықшылығына ие болып оны өндіруді шектеуде. Ал Қытай мен Үндістанда аштықтың қауіпін қысқартып және тойынбауды елеулі азайта отырып, азық-түлік өндіру тасқынды артты. Бірақ Африка және Оңтүстік-Азия елдерінің көбінде жан басына шаққанда азық-түлікпен қамтамасыз етілу жақсармай, одан әрі нашарлай түсуде. 90-жылдардың басына дейін халықтың жаппай ашығуы жөнінен Сахараның оңтүстігінен бастап, бүкіл Африка (ОАР кірмейді), кейбір Азия, Кариб бассейні, Латын Америкасы елдері көзге түсті.

БҰҰ-ның ФАО-ның (азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы) деректеріне сүйенсек, біздің планетамызда 500 млн адам үнемі ашығып, 1 млрд адам тағам толық жетіспейтін елдерде өмір сүреді екен. Жылына 13-18 млн адам аштықтан қырылады. Оның 75%-ы балалар. ВОС-дың зерттеуіне сүйенсек, Латын Америкасындағы өлімнің жартысы 5 жасқа дейінгі балалардың үлесіне тиеді екен [2].

Дамушы елдер халқының азық-түлік құрамында әрқашан бір ғана өнім жетекші орын алады. Сондықтан организмге керекті витаминдер мен минералдар жетіспеушілігі байқалып, соның салдарынан денсаулық бұзылады. Мысалы күріш дәнді дақылдардың ішінде калориялығы жоғары болып саналады. Сондықтан Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде күріш ежелгі тамақ өнімі болып, азық-түлік құрамындағы оның үлесі 75%-ды құрайды. Саванна белдеуі және Африканың Сахел ауданында сорго дақылы өседі. Латын Америкасының кей елдерінің азық-түлік құрамында (Аргентина, Уругвай) бидай, ал Орталық Америка елдерінде және үндістердің басым қоныстанған аудандарында жүгері негізгі орынды алады [7].

Отандық ауыл шаруашылығының дамуымен кепілдендіре отырып, тұрғындарды азық-түлікпен тұрақты және толық қамтамасыз ету кез-келген елдің әл-ауқатын нығайтудың маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты қоғамның тұрақты дамуы үшін елімізде толыққанды және

салауатты азық-түлік нарығын қалыптастыру маңызды болып отыр. Адамдардың көп бөлігінің қолы жететін бағадағы жоғары сапалы өнім түрлерін алуға мүмкіндік жасау, дамыған елдердің ұлттық стратегияларының мақсаты болуы кездейсоқ емес. Сондықтан да қазіргі таңда басты назарда тұтынушы үшін тамақ өнімдерінің физикалық қол жетімділігі, яғни өнімнің нақты сол аймақта болуы; тамақ өнімдерінің экономикалық қол жетімділігі, яғни тұтынушыға тиімді бағада болуы; өнімнің қауіпсіздігі, яғни адамның тамақтануы үшін қауіпті болмауы; тамақ өнімдерінің сапасы, яғни өнімдердің құрамы арнайы талаптарға толық жауап беруі тиіс. Бұл мәселелердің экономикалық және әлеуметтік саясат арқылы шешуін табу әр мемлекеттің басты бағыты болуы қажет деп ойлаймыз. Жалпы, елімізде азық-түлік қауіпсіздігі сәйкесті ресурстармен қамтамасыз етілген, тамақтанудың физиологиялық нормаларына сәйкес ішкі және сыртқы жағдайларға тәуелсіз азық-түлік өнімдеріне халықтың қажеттіліктері қанағаттандырылатын экономиканың және оның саласы агроөнеркәсіптің жағдайына байланысты. Ол сапалы азық-түлік өнімін өндіру мен оны халықтың тұтыну мүмкіндігі үшін қолда бар табиғи-шикізаттық ресурстарды пайдалануымен өлшенеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында, «Агроөнеркәсіптік кешен туралы айрықша айтқым келеді, оның дамуы арқасында біз бір мезгілде еліміз үшін аса маңызды екі міндетті – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және экспортты әртараптандыруды шешеміз», және «біз тауарлы-сүт фермаларын, құс фабрикаларын, мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру мен дамыту, тамшылап суаруды қолдану арқылы жеміс-көкөніс дақылдары өндірісін ұйымдастыру, ауылшаруашылық техникаларын жинау жөніндегі өндірістерді құру, ет өңдеу өндірісін дамыту, биязы жүнді қайта өңдеу, қазақстандық астық экспортының инфрақұрылымы және оны терең қайта өңдеу секілді экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жалғастыруға шешім қабылдадық» - деп атап көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы азық-түлікпен халықты қамтамасыз етумен тікелей байланыстылығын және аграрлық салаға ерекше көңіл бөлу қажеттігін жеткізді. Орталық Қазақстанда ауыл шаруашылығына пайдаланатын жер ресурстары әр түрлі табиғи-географиялық ендіктерде орналасқандықтан алуан түрлі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге, әсіресе мал шаруашылығын дамытуға қолайлы [6]. Облыс ауыл шаруашылық аудандастыру үшін ауыл шаруашылық өндірісінің мамандануы да ескерілді. Мамандану дегеніміз – республиканың, облыстың, ауданның, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік бағыты, салалық құрылымы. Шаруашылықтың басты саласы ретінде тауардың белгілі бір түрін өндіруге (астық, сүт, ет, жүн) мамандана отырып, жеке аудандар, шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылық кәсіпорындар ауыл шаруашылығындағы қоғамдық еңбек бөлінісінде белгілі орын алатын болады.

Облысымыздың жекелеген аудандары мен шаруа қожалықтарының табиғи және экономикалық жағдайлары ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін әрқилы болып келеді. Мысалы, Қарағанды облысы аудандары мен шаруа

қожалықтары жердің құнарлылығы, жауын-шашын мөлшері, әр түрлі азық – түлікті тұтыну, еңбек ресурстарының шамасы, тағы басқа жағдайлары жөнінен бір-біріне ұқсамайды. Мұндай объективті өзгешеліктерді, әсіресе, табиғи өзгешеліктерді түбірінен өзгертуге болмайды. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің бағытын белгілеген уақытта табиғи факторларды есепке алып отыру қажеттілігі туады. Бұл еңбектің территориялық бөлінісін және ауыл шаруашылық өндірісін орналастыру кезінде мамандандыруға бет бұру қажеттілігін тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Молдахметов З.М., Газалиев А.М., Фазылов С.Д. Экология негіздері. - Қарағанды, 2015.
2. Дарибаева А.О., Оразбаева Р.С. «Экология негіздері». - Астана, 2014.
3. Бродский А.К. Жалпы экологияның қысқаша курсы. - Алматы, 2016.
4. Сағымбаев Ғ.К. Экология негіздері. - Алматы, 2013.
5. Портал “Туған жер – Родная земля” со ссылкой на Агентство по статистике РК.
6. Галжанов С.А. Орталық Қазақстан табиғи-жайылымдарын тиімді пайдаланудың тарихи-географиялық ерекшеліктері // КазҰУ хабаршысы. Серия география. -2003. - № 4 – 24-27 бб.
7. Тезисы Министра сельского хозяйства Республики Казахстан на IV Астанинском экономическом форуме «Казахстан, опыт и достижения в агропромышленном комплексе» 4 мая 2011 года, Дворец Независимости. – Астана.

¹Д.В. Черных, ²Г.М. Жангожина,

НЕКОТОРЫЕ ПОДХОДЫ ДЛЯ ВЫЯВЛЕНИЯ ОЦЕНКИ ГЕОЭКОЛОГИЧЕСКИХ СИТУАЦИЙ (НА ПРИМЕРЕ БАССЕЙНА РЕКИ НУРА)

¹Алтайский государственный университет, Россия

²Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова, Казахстан

В современных условиях важнейшей задачей стала выработка научных методологических подходов и принципов изучения геоэкологической ситуации речного бассейна, от благополучия которой зависят успешность развития экономики и социально-демографические процессы в регионе, основные направления охраны окружающей среды и рационального использования природно-ресурсного потенциала территории.

Неблагополучная геоэкологическая ситуация в бассейне р. Нуры сформировалась в результате взаимодействия природных и антропогенных